# Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кәсіптік білім беретін әскери білім беру мекемелерін қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 684 қаулысы

Әскери білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар:

1) "Екі мәрте Кеңестер Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесі" мемлекеттік мекемесі "Екі мәрте Кеңестер Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты" мемлекеттік мекемесі;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.08 N 1261 қбпү (жариялануға жатпайды) Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекемелердің әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) жоғарыда көрсетілген мемлекеттік мекемелердің қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болып белгіленсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК